

Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымының Бас Директоры Камил Идрістің 2001 жылғы 22-23 ақпандағы Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 ақпан N 261

Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымының Бас Директоры Камил Идрістің 2001 жылғы 22-23 ақпандағы Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу (бұдан әрі - сапар) мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп сапарды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп қажетті құжаттарды дайындасын және ДИМҰ Бас Директорының болу бағдарламасын ә з і р л е с і н ;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісімі бойынша) бірлесіп делегация мүшелеріне (бұдан әрі - делегация мүшелері) Алматы қаласында көліктік қызмет көрсетілуін қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми түскі қонақасы ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) қосымшаға сәйкес 2001 жылға арналған республикалық бюджеттегі "Үкіметтік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапардың өткізілуі шығыстарының қаржыландырылуын қамтамасыз етсін;

2) бірге жүретін адамдардың келу және кету құжаттарын белгіленген тәртіппен р е с і м д е с і н .

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі делегация мүшелерінің әуежайдағы, болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының әкімі ДИМҰ Бас Директорын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 20 ақпандағы
N 261 қаулысына
Қосымша

Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымының
Бас Директоры Камил Идрисің Қазақстан Республикасына
2001 жылғы 22-23 ақпандағы сапарын өткізу
шығыстарының сметасы

2001 жыл, 2 күн, Астана, Алматы

Реттік ! N !	Қызметтердің атауы ! (теңге)	Сомасы
1	ДИМУ Бас Директорын орналастыру ("Интерконтиненталь") 1 нөмір x тәулігіне 390 \$ x 2 күнге	114660
	Делегацияның бір мүшесін орналастыру ("Интерконтиненталь") 1 нөмір x тәулігіне 190 \$ x 2 күнге	55860
2	Көлік қызметінің шығыстары Сағатына 700 теңге (тәулігіне 10 сағат) есебінен 2 жеңіл автомобиль x 700 теңге x 10 сағат x 2 күнге	28000
3	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан қабылдау, 10 адамға. Бір адамға теңге есебінен: 10 адам x 6500 теңге	65000

- | | | |
|---|---|-------|
| 4 | Аудармашы қызметі | |
| | 1 адам x 700 теңге x 10 сағат x 2 күнге | 14000 |
| 5 | Сыйлықтар мен кәдесыйлар | |
| | 5000 теңгеден x 1 дана + 1000 теңгеден x 4 дана | 9000 |

Барлығы: 286520

1 пунктi бойынша 1 АҚШ долларының курсы = 147 теңге

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.